

**Төтенше жағдайдың жергілікті ауқымда таралуы кезінде төтенше жағдайды жою басшысының өкілеттіктері туралы ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Курчатов қалалық әкімдігінің 2003 жылдың 4 мамырдағы N 34 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 4 маусымда N 1269 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 17 наурыздағы N 240 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласы әкімдігінің 2008.03.17 N 240 қаулысымен.*

"Төтенше жағдайдың жергілікті ауқымда таралуы кезінде төтенше жағдайды жою басшысының өкілеттіктері туралы ережені бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2003 жылғы 11 наурыздағы N 19 қаулысын орындауда, "Авариялық-құтқару қызметі және құтқарушылардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 27 наурыздағы N 87-1 Заңының 17-бабына сәйкес және төтенше жағдайларды жою кезінде апаттан құтқару қызметтерінің күштері мен құралдарын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында, Курчатов қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Қоса беріліп отырған Төтенше жағдайдың жергілікті ауқымда таралуы кезінде төтенше жағдайды жою басшысының өкілеттіктері туралы ереже бекітілсін.

*Курчатов қаласының әкімі*

Курчатов қаласы әкімдігінің  
2003 жылғы 4 мамыр N 34  
қаулысымен бекітілген

**Төтенше жағдайдың жергілікті ауқымда таралуы кезінде төтенше жағдайды жою басшысының өкілеттіктері туралы ереже**

Осы Ереже төтенше жағдайдың жергілікті ауқымда таралуы кезінде және техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жою басшысының өкілеттігін айқындайды.

1. Төтенше жағдайды жою басшысы (төтенше жағдайларды жою кезінде жұмыстардың жүргізілуіне басшылық жасайтын, немесе жергілікті атқарушы орган тағайындаған, өкілеттігіне төтенше жағдайларды жоюға кіретін бас

басқарушы және жауапты адам) төтенше жағдайдың жергілікті ауқымда таралуы кезінде :

1) төтенше жағдай аймағында барлау жүргізеді және жағдайды бағалайды, қолда бар күштер мен құралдарды пайдалана отырып, адамдарды құтқаруды ұйымдастырады ;

2) апаттан құтқару жұмыстарын жүргізу үшін неғұрлым қауіпті жерлерді, күштер мен құралдардың қажетті санын, құтқару жұмыстарын жүргізудің әдістері мен тәсілдерін айқындайды ;

3) апаттан құтқару жұмыстарын жергілікті ауқымда төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою жоспарына сәйкес жүргізуді ұйымдастырады ;

4) төтенше жағдайлар аймағындағы объектілер мен ұйымдардың аумағында құтқару және шұғыл жұмыстар жүргізу туралы шешім қабылдайды ;

5) апаттан құтқару қызметтері мен құрамаларына міндеттер қоюды жүзеге асырады, олардың бірлескен іс-әрекетін ұйымдастырады, олардың қауіпсіздігін және қойылған міндеттердің орындалуын қамтамасыз етеді ;

6) төтенше жағдай аймағындағы жағдайдың өзгеруіне бақылауды жүзеге асырады және тиісті шешімдер қабылдайды ;

7) қажеттілікке қарай қосымша күштер мен құралдар шақыртады, оларды қарсы алуды ұйымдастырады, апаттан құтқару жұмыстарын жүргізу орнын ( ауданын ) айқындайды ;

8) күштер мен құралдардың резервін құруды ұйымдастырады ;

9) Курчатов қаласы әкімдігін, қалалық төтенше жағдайлар жөніндегі штабын төтенше жағдайлар аймағында қалыптасқан жағдай және апаттан құтқару, басқа да шұғыл жұмыстарды ұйымдастыру мен жүргізу жөнінде олардың қабылдаған шешімдері туралы хабарлайды ;

10) күштер мен құралдарын төтенше жағдай орнынан кету тәртібін айқындайды .

2. Аса қажет болған жағдайда (адамдардың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төнгенде) төтенше жағдайдың жергілікті ауқымда таралуы кезінде жағдайды жою басы :

1) төтенше жағдай аймағына адамдар мен көліктің келуін шектейді ;

2) төтенше жағдай аймағындағы ұйымдардың қызметін тоқтата тұрады ;

3) апаттан құтқару жұмыстарын жүргізуге апаттан құтқару қызметтерінің күштері мен құралдарын, азаматтық қорғаныс құрамаларын, сондай-ақ ерікті апаттан құтқару құрамаларын және көрсетілетін құрамалардың құрамына кірмейтін құтқарушыларды, оларда құтқару және шұғыл жұмыстарын жүргізуге аттестатталғандығын растайтын құжаттары болған кезде тартады ;

4) шұғыл жұмыстарды жүргізуге ерікті негізде халықты, сондай-ақ құтқарушы болып табылмайтын жекелеген азаматтарды олардың келісімімен

құтқару жұмыстарын жүргізуге тартады;

5) төтенше жағдайлар аймағында көшіру іс-шараларын жүргізуді ұйымдастырады;

6) төтенше жағдайларды жою үшін төтенше жағдайлар аймағындағы ұйымдардың материалдық ресурстар резервтерін броньнан босатады;

7) қолданыстағы заңнамаға сәйкес кейіннен шығыстардың орнын толтыра отырып, ұйымдардың байланыс құралдарын, көлік құралдарын және өзге де мүлікін тартады;

8) аса қажет болған жағдайда тиісті мемлекеттік органдарға, ұйымдардың басшыларына қабылданған шешімдер туралы шұғыл хабарлау жөнінде шаралар қабылдайды;

9) төтенше жағдайлардың өршуіне әрі құтқару және шұғыл жұмыстардың барысына негізделген басқа да қажетті шараларды қабылдайды.

3. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, төтенше жағдайды жоюға бағытталған төтенше жағдайдың жергілікті ауқымда таралуы кезінде төтенше жағдайды жою басшысының шешімі төтенше жағдайлар аймағындағы барлық лауазымды адамдар, азаматтар мен ұйымдар үшін міндетті болып табылады.

4. Төтенше жағдайдың жергілікті таралуы кезінде төтенше жағдайды жою басшысының өкілеттігі жергілікті атқарушы орган табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың жойылғаны туралы жариялағаннан кейін тоқтатылады.

*Курчатов қаласы әкімі*

*аппаратының басшысы*